

"Қопа ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" 2008 жылғы 1 желтоқсандағы № 6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қопа ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 20 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 тамызда № 4456 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциалық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциалық Заңына сәйкес, Қопа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қопа ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы № 6 "Қопа селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-68 тіркелген, 2008 жылғы 25 желтоқсандағы аудандық "Хромтау" газетіне жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі атауы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қопа ауылдық округінің мекендерінің көшелеріне атау беру туралы";
мемлекеттік тіліндегі шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылсын;
шешімнің кіріспе бөлігіндегі ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлдаған "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының 3.2 бөлігіне және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 24 шілдедегі "Ақтөбе облысының Мекен-жай Тіркеліміне тіркеу тәртібі және мекенжай құрылымы жөніндегі Ереже туралы" № 255 қаулысына" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК